

САРАПТАМА

ҮКІМЕТ ҚАНДАЙ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ?

2

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №93 (6655) 21 қазан, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ҚАЗАҚСТАН – ӘЗЕРБАЙЖАН:
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ жаңа деңгейі



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді.

Кеше Қазақстан Президенті мәртебелі мейманды Астана әуежайынан күтіп алды. Сапар аясында екі мемлекеттің басшылары келіссөз жүргізіп, Қазақстан мен Әзербайжан Жоғары мемлекетаралық кеңесінің екінші отырысын өткізеді. Екіжақты кездесулермен қатар Қазақстан – Әзербайжан бизнес форумы өтеді деп күтілуде.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘКІМ

АЛМАТЫНЫҢ РУХАНИ ТЫНЫСЫ

Шаһар басшысы қаладағы мәдени нысандарды аралады

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Бостандық ауданындағы бірқатар әлеуметтік нысанды аралап, Қазақ мемлекеттік циркі, Football футбол академиясы және Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының жұмысымен танысты.

Қазақ мемлекеттік циркі – тарих пен мәдениеттің ескерткіші. Мұнда ауқымды қайта жаңғырту жобасы әзірленіп жатыр. Football болса, Криштиану Роналду франшизасы бойынша ашылған инновациялық футбол академиясы. Орталық тоғыз интерактивті станциямен жабдықталған және ай сайын мыңға жуық балаға жаттығу өткізуге мүмкіндік береді. Ал балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының Манас көшесіндегі ғимаратында әкім жаңартылған инфрақұрылыммен танысты.

Дархан Сатыбалды мұндай жобалар қаланың әлеуметтік инфрақұрылымын жаңғырту және алматылықтардың өмір сапасын арттыру бағытындағы жүйелі жұмыстың нақты көрінісі екенін атап өтті.

Алматы – Қазақстанның тарихы, мәдениеті мен өнерінің орталығы. Шаһар басшысы жұмыс сапары барысында Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейіне, Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрына, сондай-ақ Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың музей-үйіне де барды.



Мәселен, қала басшысы Алматының рухани жүрегі саналатын Ұлттық орталық музейдің барлық залын аралап, тарихи-мәдени экспозициялармен танысты. Археология, этнография, тәуелсіз Қазақстан тарихына арналған бөлімдердегі құнды жәдігерлерге ерекше назар аударды.

«Бұл нысандар мәдени орын ғана емес, ұлттық бірегейліктің нышаны. Әрқайсысы тарихтан сыр

шертіп, ұлт рухын асқақтатып, мұрамызға деген мақтаныш сезімін ұялатады. Мәдени нысандарды сақтау және дамыту – қаланың басым бағыттарының бірі. Алматыда мәдениет пен тарих әр тұрғын мен қала қонағына қолжетімді болуы үшін әлі де жағдайлар жасалады», – деді Дархан Сатыбалды.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

www.aqshamnews.kz

9 772223 237006



САРАПТАМА

Президент тапсырмасы:

ҮКІМЕТ ҚАНДАЙ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ?

16 қазанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Олжас Бектеновке аптаның соңына дейін азаматтардың мүддесін ескере отырып, Үкіметтің экономикалық реформалар бағдарламасын іске асыру үдерісін реттеуге қатысты нақты шаралар әзірлеуді тапсырды. Бұл туралы әлеуметтік желіде Президенттің көмекшісі – Баспасөз хатшысы Руслан Желдібай хабарлады. Сол күні Үкімет Президенттің тапсырмасы бойынша макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және экономикалық реформалардың теріс салдарын барынша азайту бағытында шаралар қабылдады. Мақалада Президенттің шұғыл тапсырмасына не түрткі болды және Үкімет қандай шешім қабылдады деген сұрақтарға жауап берілмек.

Экономикалық өсім және инфляция

2025 жылы 8 қазанда Қасым-Жомарт Тоқаев макроэкономикалық тұрақтылық мәселелеріне арналған жиын өткізді. Онда экономикалық даму сапасын арттыру және баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Жиынға Премьер-министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшылығы (А.Дәдебай, Е.Досаев, А.Қырықбаев), Ұлттық банктің төрағасы Т.Сүлейменов, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы М.Әбілқасымов, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің басшысы Ә.Ерғалиев пен Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі С.Жұманғарин қатысты.

Ресми ақпаратқа сүйенсек, кеңес барысында макроэкономикалық орнықтылықты нығайту, азаматтардың әл-ауқатын көтеру және инфляция деңгейін төмендету шаралары қаралған. Бірақ нақты қандай шешім қабылданды деген сұраққа жауап берілмеген. Қандай шешім қабылданғаны 2 күннен соң белгілі болды.

10 қазанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1 п.т. дәлізімен жылдық 18% деңгейінде белгілеу туралы шешім қабылдады. Бұған дейін 16,5% болған. Базалық мөлшерлеме ақша-кредит және валюта жағдайына, тұтас қаржы секторына тікелей әсер етеді. Ұлттық банк оны көтеру туралы шешімді не үшін қабылдады?

Ұлттық банк өз шешімін былай түсіндірген: «Инфляцияның күшеюі, сұраныстың ұсыныстан асып түсуі және белсенді фискалдық саясат аясында ақша-кредит шарттарының жұмсаруы бағаның шектен тыс өсуіне қауіп туғызды. Осыған байланысты инфляцияның динамикасын тұрақтандырып, бағаның бақылаудан шығуына жол бермеу үшін шешімді қадам жасауға тура келді».

Яғни қарапайым тілмен айтқанда, Үкіметтің экономикалық өсімді қамтамасыз етуге бағытталған шаралары инфляцияны арттырған. Жылдық инфляция қыркүйекте 12,9%, тамызда 12,2% -ға өскен. Сондықтан Ұлттық банк осындай шешім қабылдауға мәжбүр болды.

Дәл осы кейсте экономика ғылымының негізгі дилеммасы көрініс тауып



(Депкекөз: primeminister.kz)

отыр. Бұл экономикалық өсім бе, әлде инфляция ма? Үкіметтің негізгі қызметі экономикалық өсім, ал Ұлттық Банк бағдары – инфляцияны төмендету немесе оны ұстап тұру.

Шұғыл шаралар, нақты бағдарлар

Базалық мөлшерлемені өсіру өз кезегінде нарыққа әсер етті. Сондықтан Президент 16 қазанда шұғыл түрде Үкіметке макроэкономикалық жағдайды тұрақтандыру туралы тапсырма берді. Көп кешікпей, сол күні Олжас Бектенов Үкімет мүшелерінің, басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдар басшыларының қатысуымен Мемлекет басшысының азаматтар мүддесі үшін экономикалық реформалар бағдарламасын жүзеге асыруды ретке келтіру жөніндегі тапсырмаларын орындау мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Жиын қорытындысы бойынша келесідей шешімдер қабылданды. Бұдан кейінгі мәтін ҚР Премьер-министрінің ресми ақпараттық ресурсынан алынды.

Бірінші. Биылғы 16 қазаннан бастап инфляция деңгейі тұрақтанғанға дейін АИ-92 маркалы бензин мен дизель отын бағасын одан әрі көтеруге мораторий енгізіледі. Премьер-министр Энергетика министрлігіне Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен және өңір әкімдіктерімен бірлесіп, тиісті қадағалау жүргізуді, сондай-ақ ішкі нарықты ЖЖМ-мен үздіксіз қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдауды тапсырды.

Екінші. Биылғы 16 қазаннан бастап барлық тұтынушылар тобы үшін коммуналдық қызметтер тарифтерін көтеру 2026 жылдың I тоқсанының соңына дейін тоқтатылады. Тарифтердің өсуін тежеу табиғи монополиялар субъектілерінің операциялық шығыстарын оңтайландыру есебінен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте ТКШ жүйесі нысандарында жоспарланған барлық жөндеу жұмысы белгіленген мерзімде аяқталуы тиіс. Айта кету керек, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін тұрғын үй көмегін көрсету тетігі қолданылады.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жол бермеу үшін отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржыландыру

көлемін екі есе ұлғайту арқылы тұрақтандыру қорларының жұмысына қосымша серпін беріледі, бұл өз кезегінде ЭМАТ санатына жататын өнімдер бағасының төмендеуіне әкеледі.

Делдалдық схемаларды және сауда үстемелерін асыра қосу фактілерін анықтау жөніндегі өңірлік комиссиялар жұмысын күшейтуге ерекше назар аударылады.

Үшінші. Жаңа Салық кодексінің шағын және орта бизнес қызметіне теріс әсерін азайту мақсатында оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимін қолдануға салынатын басы артық шектеулерді алып тастау туралы шешім қабылданды. Тыйым салынған тізімде, қолданыстағы заңнамадағыдай, тек 44 қызмет түрі сақталады. Одан бөлек, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап салықтық әкімшілендіру «таза парақтан» жүргізіледі, бұл микро және шағын бизнеске қатысты келесі жайттарды көздейді:

- салықтық тексерулер алынып тасталады;
- камералдық бақылау алынып тасталады;
- сот органдарына мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап-арыз беру тоқтатылады;
- сот органдарына тіркеуді, қайта тіркеуді жарамсыз деп тану туралы талап-арыз беру тоқтатылады.

Салықтар мен төлемдер бойынша салынған өсімпұлдар мен айыппұлдар 2026 жылдың 1 сәуіріне дейін негізгі қарыз өтелген жағдайда жойылады. ҚҚС бойынша есепке қою шегінен асқан салық төлеушілер әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды. Сондай-ақ, салық төлеушілер үшін салық және әділет органдарында камералдық және салықтық тексерулер жүргізбей-ақ, оңайлатылған тәртіппен есептен шығару науқаны өткізіледі. Бұл жаңа Салық кодексін кезең-кезеңімен енгізуге және салық төлеушілер үшін салықтық әкімшілендіруді жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Төртінші. Базалық мөлшерлеменің көтерілуіне байланысты екінші деңгейлі банктер тарапынан ипотекалық бағдарламалар бойынша ұсыныстардың қысқаруы аясында тұрғын үй-құрылыс жинақ жүйесін қолдау туралы шешім қабылданды. Соған сәйкес, халық үшін арзандатылған ипотекалық несие кө-

лемі екі есе ұлғаяды, бұл тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Аталған шара қолданыстағы «Наурыз» және «Наурыз-Жұмыскер» бағдарламалары арқылы несиелеу көлемін 500 млрд. теңгеге дейін ұлғайту жолымен жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, сұранысқа ие «Әскери баспана» бағдарламасы қайта іске қосылады, ол жыл сайын кемінде жеті мың әскери қызметшінің отбасына жаңа үйден бөлек, қайталама нарықтан да пәтер сатып алуға мүмкіндік береді. Құрылыс компанияларымен осы бағдарламалар шеңберінде салынатын тұрғын үй құрылысы бойынша офтейк-келісім-шарттар жасалады. Бұл ретте құрылыс салушылар үш жылға бағаны бекіту бойынша қарсы міндеттемелер қабылдайды.

Бесінші. Отандық автоөндірушілер мен екінші деңгейлі банктер халықтың жеңіл автокөлік сатып алуын қаржыландыру бағдарламаларын одан әрі жалғастырады. Жеке тұлғаларға жеңіл автокөлік сатып алу бойынша лизинг тетігі енгізіледі. Бұл азаматтардың автокөлік сатып алу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Одан бөлек, «Бәйтерек» холдингіне қысқа мерзімде шағын және орта бизнесті қолдаудың қосымша шаралары бойынша ұсыныстар беру тапсырылды.

• Премьер-министр Олжас Бектенов Үкімет жүргізіп отырған реформалар еліміздің ұзақмерзімді тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз етуге, экономикада базалық нарықтық қағидаттарды терең орнықтыруға бағытталғанын атап өтті. Бұл ретте Үкімет Мемлекет басшысының әрбір қазақстандықтың әл-ауқатын арттыру қажеттігі туралы нұсқауларын экономикалық дамудың негізгі көрсеткіші ретінде қарастыра отырып, қатаң ұстанады.

Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.





ТҰЛҒАТАНУ

ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚЫЗМЕТ

Алматыда академик Төрегелді Шармановтың Даңқ залы ашылды

Қазақ ұлттық медицина университетінде көрнекті ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, академик Төрегелді Шармановтың туғанына 95 жыл толуына арналған салтанатты іс-шара өтті. Ондағы басты оқиға – университеттің бас аудиториясында Төрегелді Шармановтың Даңқ залы ашылды.

Нұржамал
ӘЛІШ

Дәл осы жерде болашақ академик студент-медик ретінде алғашқы қадамдарын бастаған еді. Толық жаңартылған зал заманауи дизайнмен, ыңғайлы орындықтармен, жарық және климаттық басқару жүйесімен жабдықталған. Орталық төріне Шармановтың денсаулық сақтау министрі болған жылдарындағы тарихи портреті қойылған. Еңбек Ері, ДДСҰ-ның Леон Бернар атындағы сыйлығының лауреаты Төрегелді Шармановтың есімі бүгінде гуманизмнің, ғылымның және ұлт денсаулығына қызмет етудің мәңгілік символы ретінде бағаланады.

Салтанатты іс-шара Төрегелді Шарманов халықаралық қоры Қамқоршылар кеңесінің отырысымен жалғасты. Қордың мақсаты – академиктің ғылыми мұрасын

сақтау, жас ғалымдарды қолдау және профилактикалық медицина мен дұрыс тамақтану идеяларын ілгерілету.

Кеңес отырысына Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Қуаныш Сұлтанов, ҚазҰМУ ректоры Марат Шоранов, академик Мұхтар Құл-Мұхаммед, Астана мемлекеттік қызмет хабаның төрағасы Әлихан Бәйменов, академиктер Юрий Пя мен Вячеслав Локшин, профессор Мақсұт Кұлжанов қатысты.

Іс-шара аясында Төрегелді Шарманов атындағы халықаралық сыйлық табысталды.

– Бүгін ерекше күн. Санжар Асфендияров атындағы университетте Төрегелді Шарманов атындағы Даңқ залының ашылуы кездейсоқтық емес, бұл – сәйкестік, гармония. Себебі, Санжар Асфендияров та, Төрегелді Шарманов та осы универси-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

теттің ректоры болды, осы оқу орнының қалыптасуына өлшеусіз үлес қосты. Төрегелді Шармановтай он екі жыл қатарынан Денсаулық сақтау министрі болған адам болған емес. Ол – еліміздің денсаулық саласының көшін алға сүйреген бірегей тұлға. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек жөніндегі ДДСҰ-ның 1978 жылғы Алматы декларациясы идеялары-

ның авторы. Бұл құжат кейіннен «Денсаулық сақтаудың әлемдік хартиясы» деп аталды. Қазақ тағамтану академиясының негізін қалаған тұлғаның жүріп өткен жолы кейінгі буынға, ғылым қуған жастарға үлгі болады деп ойлаймын, – деді Төрегелді Шарманов халықаралық қоры Қамқоршылар кеңесінің мүшесі, академик Мұхтар Құл-Мұхаммед.

БИЗНЕС



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ

кәсіпкерлермен ашық талқыланды

Алматыда кәсіпкерлер мен мемлекеттік орган өкілдері салық реформасына қатысты ашық пікір алмасу өткізді. Кездесуді «Атамекен» қалалық кәсіпкерлер палатасы ұйымдастырды. Басқосуға бизнес өкілдерімен қатар экономикалық сарапшылар мен түрлі мемлекеттік ведомство өкілдері қатысты. Жиынның жаңа Салық кодексінің мазмұнын түсіндіруді және оның кәсіпкерлік ортаға ықпалын талқылауға бағытталды.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Жобаға сәйкес, 2026 жылдан бастап білім беру мен медицина ұйымдарына 5 пайыздық корпоративтік табыс салығы енгізілмек. Ал ай сайынғы табысы 300 АЕК-тен аспайтын жеке тұлғалар 4 пайыз мөлшерлемен салық төлейді. Сондай-ақ, оңайлатылған декларация режимінде жұмыс істейтін кәсіпкерлердің жылдық табысы 600 мың АЕК-тен аспаса, оларға да 4 пайыздық салық қолданылады. Сонымен қатар, тегін медициналық көмек пен МӘМС жүйесі аясында бері-

летін қызметтер, сондай-ақ орфандық және әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттар мен олардың импорты қосылған құн салығынан босатылады. Сонымен қатар, кездесуде қатысушылар жаңа нормалардың бизнестің дамуына және әлеуметтік салаларға әсерін талқылап, өз ұсыныстарын жеткізді.

Вице-министр Ерлан Сағынаев жаңа реформаның аймақтарда кеңінен түсіндіріліп жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, биылғы өзгерістер жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарына бірқатар жеңілдіктер қарастырады:

– Біз айтып отырған жаңа Салық кодексі мен қазіргі жүргізіліп жатқан реформалар – уақыт талабы. Бұл – бүгінгі экономикалық жағдайға сай қажетті өзгеріс. Экономикалық зерттеулер институтымен бірлесе жүргізілген есеп бойынша жаңа Салық кодексі аясында қабылданған нормалардың арқасында бюджетке қосымша шамамен 4,5 триллион теңге түседі.

Алматы қалалық кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің төрағасы Мақсат Қиқымов осындай ашық алаңдардың бизнестің шынайы мәселелерін анықтауға мүмкіндік беретінін алға тартты: – Бүгінгі кездесудің құндылығы – әр тарап өз ойын ашық айта алды. Мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлердің бір үстел басында отырып, нақты шешім іздеуі – ортақ мақсатқа бастайды, – деді ол сөзінде.

Жиын соңында сұрақ-жауап сессиясы өтіп, кәсіпкерлердің сауалдарына мемлекеттік орган өкілдері нақты түсініктемелер берді.

ДИАЛОГ АЛАҢЫ

САРАПШЫЛАР
БАС ҚОСТЫ

Алматыда елімізде жүргізіліп жатқан реформаларға арналған сарапшылар клубының алғашқы отырысы өтті. Жиын барысында ішкі саясаттың өзекті мәселелері талқыланды.

Ернұр
РЫСБАЙ

Кездесу «Екінші Республика қалыптасуы: Әділет – мемлекеттік саясаттың жаңа парадигмасы» тақырыбында өтті. Диалогқа жас саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, мемлекеттік басқару және заң саласының са-

тыруға бағытталған. Отырыста конституциялық және басқа да реформалардың жүзеге асу барысы, «Тыңдаушы мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру және адами капиталды дамыту мәселелері сөз болды.

– Бүгін алғашқы сараптама-лық алаң өтті, жалпы үш кездесу өткізу жоспарланған. Талқылаулар Президенттің 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауында белгіленген ішкі саясаттың негізгі бағыттарына арналады, – деді Алматы қаласы азаматтық альянсының төрағасы Қайыржан Абдыхалықов.

Айта кетейік, азаматтық альянс жанында «Пікір» жас сарапшылар клубы жұмыс істейді. Ол саяси және экономикалық ба-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

рапшылары қатысты. Қатысушылар 2022 жылғы Қаңтар оқиғаларынан кейінгі кезең мен конституциялық реформалар елдің жаңа тарихындағы маңызды белес екенін атап өтті. Сарапшылардың пікірінше, қазіргі реформалардың стратегиялық бағыты экономикалық өсіммен қатар заң үстемдігін қамтамасыз етуге және Әділетті Қазақстан қағидаттарына негізделген қоғамдық қатынастарды қалыптас-

ғыттар бойынша аналитикалық зерттеулер жүргізеді. Қайыржан Абдыхалықовтың айтуынша, алдағы күндері сарапшылар клубының келесі отырыстары өтіп, ел реформаларының өзге қырлары талқыланды. Сарапшылардың ұсыныстары мен қорытындылары кейін қалалық конференцияда және Мәдениет және ақпарат министрлігіне, Президент әкімшілігі мен Алматы әкімдігіне жолданады.



25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІ

ЕГЕМЕНДІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

ел Тәуелсіздігіне негіз қалаған және жол ашқан тарихи маңызды құжат

Қазақ Елінің тарихындағы Тәуелсіздік кезең – 1991 жылдан басталады. Ал осы жаңа заманға бастау болған, құқықтық негіз, іргетас қалаған құжат – 1990 жылдың 25 қазанында қабылданған Егемендік Декларациясы еді. Бүгінде бұл күн елімізде Республика күні ретінде мерекеленеді. Биыл бұл тарихи құжаттың қабылданғанына 35 жыл толып отыр. Тарихқа көз жүгіртсек, тура 35 жыл бұрын Алматы қаласында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының 12-ші рет шақырылған Жоғары Кеңесі – «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендегі туралы Декларация» атты тарихи құжатты қабылдаған еді. Құжаттың маңызы мен мәні әрі жоғары, әрі ерекше болғандығы сондай, бұл күн «Ел Тәуелсіздігіне тура апарған дара да сара жол» деп бағаланады.



Коллажды жасаған Нұрболан ӨРІСҰЛЫ.

КСРО-дағы «ҚАЙТА ҚҰРУ» САЯСАТЫ: ЖАППАЙ ДАҒДАРЫС

1985 жылы Қазақстан Республикасы құрамында болған КСРО атты алып империяға Бас хатшы болып М.С.Горбачев келіп, экономиканы қарқынды түрде дамыту үшін «қайта құру» саясатын жариялады. Жаңа басшы өз бағытын «қайта құру» деп жариялап, оны жүзеге асыру үшін «жеделдету», «демократияландыру», «жариялылық» деп аталатын бағыттарды өмірге енгізе бастады. Бірақ нақты істен гөрі құр жалаң сөзі көп бұл бағыттардың нәтижелері онша болмады. Алып империяның экономикалық даму үдерісі одан әрі тежеле бастап, көп ұзамай жаппай дағдарыс бүкіл елге жайылды. Ал өз кезегінде бұл үдеріс әлеуметтік өмірге кері әсерін тигізіп, ұлтаралық қатынастарға кері ықпал етті. Сөйтіп, Кеңес Одағының жекелеген аймақтарында ұлтаралық қатынастардың ушығуы күшейді де, ол дүрдардылыққа ұласа бастады. Көп ұзамай алғашқы қан төгілген ошақтар пайда бола бастады. Орталықтағы жоғары билік ушыққан мәселелерді дұрыс шеше алмады.

«Қайта құру» саясаты жарияланғаннан кейінгі 3-4 жыл ішінде КСРО көлемінде 70 жылдай уақыт ішінде қордаланған барлық мәселелер 1989 жылдың мамырмаусым айларында өткен КСРО Халық депутаттарының 1 съезінде аузы ашылып кеткен жарадай толығымен көрініс берді. Бұл съездің бір ерекшелігі сонда, ол тікелей эфир арқылы бүкіл Одаққа таратылып жатты.

ЕЛДЕГІ САЯСИ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР

Съезден кейін әлеуметтік-экономикалық ахуал одан әрі тереңдей түсті де, ол ішкі, сыртқы саяси жағдайға әсер етіп жатты. Оны тоқтатудың, дағдарыстан шығудың жолын Орталық билік таба алмады. Дәл осы кездегі КСРО жағдайын толқынды теңіздегі ескегінен айырылған қайықшыға теңесе болар еді. Алғаш рет осы тұста Балтық жағалауындағы үш республиканың тәуелсіздік, егемендік туралы ойлары ашық айтыла бастады. Қызыл империяны сақтап қалу үшін Орталық билік 1990 жылдың бірінші жартысында федерация, конфедерация негізінде жаңа келісімдер жасау, тіпті Жаңа Одақтық шарт жасау туралы идеяларды алға тарта бастады.

Сөйтіп, бұл бағыттағы жұмыстар басталып та кетті. Бірақ Балтық жағалауындағы үш ел – Литва, Латвия және Эстония бұған қарамай өз егемендіктерін жариялап, өзге республикаларға үлгі көрсетіп, батыл қадамдар жасады. Осы кезде Қазақстанда да дәл Орталықтағыдай, Батыс

жағалауындағы елдердегідей, Украина мен Грузиядағыдай болмаса да, саяси өмір жандана бастаған еді. Ол қоғамдық өмірді айқындайтын күшке айналмаса да, оның айқын көрінісі бола білді. Демократиялық күштер мен жариялылықтың ықпалымен 1989 жылы Алаш арыстары ақталып, одан кейін Желтоқсан оқиғасына қатысып, сотталғандарға кешірім жасала бастады. 1990 жылы шілдеде еліміздегі барлық ұлттық-демократиялық бағыттағы саяси күштердің бірігуімен «Азат» республикалық азаматтық қозғалысы дүниеге келіп, өз жұмысын белсене жүргізді. Қозғалыстың атынан көрініп тұрғандай, оның мақсаты – елдің азаттығы, егемендігі, тәуелсіздігі болды.

Елдегі мұндай саяси демократиялық үдерістер мемлекеттік билікке де әсер ете бастады. 1990 жылғы 25 наурызда республика Жоғары Кеңесінің кезекті XII шақырылымына сайлау өткізіліп, ол сәуір айында өз жұмысына кірісті. Бұған дейінгі Жоғары Кеңеске сайлаулар шексіз билікті иеленіп отырған Коммунистік партияның басқаруымен, қатаң бақылауымен жүргізіліп, әрбір депутаттыққа үміткер қатаң тексерістерден өткізілетін. Бұл жолғы сайлауда қоғамда болып жатқан демократиялық үдерістер ескеріліп, территориялық принципке сай сайлау округтерімен қатар қоғамдық ұйымдар мен шығармашылық одақтар атынан 90 депутаттық мандатқа рұқсат берілді.

Соның нәтижесінде халық қалаулыларының 90 депутаттық мандатын елімізге белгілі, бірнеше ондаған алдыңғы қатарлы заңгерлер, экономистер, қоғамтанушы ғалымдар, жоғары оқу орындарының ректорлары, шығармашылық одақтың жетекшілері, мүшелері иеленді. Барлық 360 депутаттың 7-еуі Қаз КСР Ғылым академиясының академиктері, 48-і ғылым докторлары мен кандидаттары, 23 адам КСРО мен ҚазКСР мемлекеттік сыйлығының иегерлері, 11 адам Кеңестер Одағының Батыры мен Социалистік Еңбек Ері атағын иеленгендер еді. Сайланған 7 академик сол тұстағы Қазақ елінің ұлы ғұламалары – философ Жабайхан Әбділдин, заңгер Салық Зиманов, математик Өмірбек Жолдасбеков, медик Мұхтар Әлиев, тарихшы Манаш Қозыбаев, геолог Шахмардан Есенов, геолог Айтмұхамед Абдуллин болатын. Сондай-ақ, ақын-жазушылар Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев, Камал Смайылов секілді ел таныған қаламгерлер де халық қалаулылары атанған еді.

ЖОҒАРЫ КЕҢЕС ҚАБЫЛДАҒАН ЕКІ ТАРИХИ ЗАҢ

Егемендік Декларациясын қабылдауда қоғамдық ұйымдар, ғылыми мекемелерден және шығармашылық одақтардан сайланған депутаттар ерекше рөл атқар-

ды. 12 шақырылған Жоғары Кеңес Төралқасының төрағасы болып мамандығы экономист Ерік Мағзұмұлы Асанбаев сайланды.

Бұл Жоғары Кеңес ел тарихында екі тарихи заңды қабылдауымен ерекшеленді. Алғашқы құжат – «Президент туралы» заң, осы заңға сәйкес Жоғары Кеңес 1990 жылы 24 сәуірде Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Назарбаевты Қазақ КСР-ның Президенті етіп сайлады.

Екінші заң – «Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы» декларация еді. 1990 жылдың көктемі мен күз айлары аралығында КСРО-ның саяси өмірінде ыдырау үдерісі өте жоғары қарқынмен жүре бастады. Балтық елдерінің егемендігін басқа республикалар жалғастырып, Егемендіктері туралы декларацияларын барлық республикалар жарыса жариялап жатты. 1990 жылдың қазан айына дейін тек Қазақстан мен Қырғызстан ғана әлі жариялай қойған жоқ еді.

Айтуға оңай болғанымен, бұл маңызды құжатты қабылдау депутаттар арасында үлкен идеялық, саяси күрес арқылы жүрді. Сол тұста елдегі қазақ ұлтының үлес салмағы 40 пайыздай болса, Алматы қаласындағы жағдай одан да төмен болатын. Мұның бәрі, әрине, біршама қиындықтар туғызып отырды.

Негізінен, Егемендік туралы Декларацияның үш жобасы дайындалады. Біріншісін Жоғары Кеңестегі «Демократиялық Қазақстан» деп аталатын қазағы бар, орысы бар, басқалары бар, орыс тілді 30-дан астам мүшеден тұратын депутат тобы даярлайды. Олар Декларация жобасын қазан айының басында мерзімді баспасөз беттерінде жариялап жібереді.

Бұл жоба бойынша Қазақстанда көпұлтты этностар өмір сүріп жатқандықтан, жаңа қоғамды құру ұлттық мемлекеттілік тұжырым негізінде емес, азаматтық қоғам ұстанымы негізінде болуы қажеттігі тұжырымдалды, өйтпеген жағдайда, болашақта бұл қоғамда келеңсіз жағдайларды көп туғызады делінеді. 1989 жылы қыркүйекте қабылданған Қазақ тілі туралы заңның болуына қарамастан олар жасаған Декларация жобасында орыс тілі ресми мемлекеттік тіл болады деп жазды. Бұл жоба, әрине, қазақ азаматтарының қатты қарсылығын туғызды.

Жоғары Кеңестің жұмыс тобы Декларацияның негізгі жобасын дайындап, талқылауға ұсынды. Қазан айының бірінші жартысы Декларация жобаларын талқылауға кетті десе болады. Сондай-ақ, халық қалаулыларынан, қоғамдық ұйымдар мен еңбек ұжымдарынан, жекелеген азаматтардан көптеген ұсыныстар, толықтырулар, өзгерістер туралы пікірлер Жоғары Кеңеске түсіп жатты. Осылардың бәрін ескере келе, Жоғары Кеңес заңгер – академик, ұлтжанды азамат, депутат Салық

Зиманов бастаған арнайы комиссия құрып, оған ескертулер мен ұсыныстарды ескере отыра Декларацияның жаңа, толықтай нұсқасын, басқаша айтқанда үшінші нұсқасын жасауды тапсырады.

Салық Зиманов бұған дейін академик Ж.Әбділдиннің басқаруымен Алаш арыстарын ақтаған комиссия құрамында жұмыс істеген еді. Бір аптадан астам уақыт бойы жұмыс істеген С.Зиманов комиссиясы Декларацияның соңғы жобасын Жоғары Кеңеске 15 қазанда ұсынды. Бұл Жобамен президент әкімшілігі, комитеттер танысады. Жобаны талқылау өте қызу және қарқынды жүреді. Ондағы әрбір сөз, сөйлем, бап үшін қатты айтыстар жүреді.

АЗАТТЫҒЫМЫЗ АЙҚЫНДАЛҒАН КҮН

Ақыры ұзақ талқылаудан соң, 1990 жылдың 25 қазан, жұма күні, 18 сағат 55 минутта ҚазКСР-нің 12-ші шақырылған Жоғары Кеңесі «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияны көпшілік дауыспен қабылдады. Дауыс беру қорытындысы бойынша Декларацияны 261 депутат қолдап, 71 депутат қарсы дауыс береді, 2 адам қалыс қалса, 1 адам мүлде дауыс бермеді. Осылайша Қазақ КСР-і Одақ құрамындағы республикалар арасында 14-ші болып «Егемендік туралы Декларациясын» жария етті. «Әлемді сұлулық сақтайды» деген қанатты сөздің жалғасы испетті «Қоғамды зиялылық бастайды» деген сөздің аяқатын осы жерде көруге болады. Көп ұзамай, Қырғыз елі де осындай заңын қабылдады.

Қабылданған Егемендік туралы Декларация 17 тармақтан тұрды. Онда Қазақ мемлекеттілігін құруда, қоғамды қалыптастыруда жалпы адамзаттық құндылықтар мен принциптер басшылыққа алынатындығы айтылды. Қазақ КСР одақтағы басқа мүшелермен ерікті түрде бірігетін және олармен келісімшарттар негізінде қатынастар жасайтын егемен ел деп жарияланды. Сондай-ақ, Декларацияда Қазақстандағы биліктің қайнар бастауы және иесі Қазақстан халқы деп жарияланды. Сонымен бірге, бұл маңызды құжатта Қазақ КСР-нің территориясы тұтас, оған қол сұғылмайды және елдің келісімсіз оны ешкім пайдалана алмайды делінді.

Декларацияда мемлекеттік биліктің үш тармаққа – заң, сот және орындаушы болып бөлінетіндігі жария етілді. Сонымен бірге, Қазақ КСР аумағында Ата Заң мен ел заңдарының үстемдік құратындығы, ел аумағындағы ұлттық байлық республиканың дербес меншігі болатындығы, халықаралық қатынастарда Қазақ КСР-і жеке субъект болатындығы және ішкі саясатты өз мүддесіне сай анықтайтындығы, егемендіктің басты белгілері – мемлекеттің Елтаңбасы, Туы және Әнұраны болатындығы мәлімделді.

Арада 1 жыл және 1,5 ай өткеннен соң Қазақстан Республикасы Егемендік туралы Декларацияны негізге ала отыра, 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақ Елінің Тәуелсіздігі туралы Заңды қабылдады. Сөйтіп, Егемендік Декларациясы ел Тәуелсіздігіне негіз қалаған және жол ашқан тарихи маңызды құжат болып саналды. Сол себепті де, осы құжат қабылданған күн – 25 қазан ел тарихындағы аса маңызды тарихи күн болды және ұлттық мереке – Республика күні болып саналды. Мерекеміз ұзағынан сүйіндірсін және құтты болсын!

Берекет КӨРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері,
әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университетінің
профессоры, тарих
ғылымдарының докторы.





Алматының креативті индустриясы:

ДАМУДЫҢ ЖАҢА ДРАЙВЕРІ

Қазақстан экономикасына қандай серпін береді?

Кейінгі жылдары елімізде креативті индустрия қарқынды дамып, экономиканың жаңа қозғаушы күшіне айнауда. Соның ішіндегі IT, масс-медиа, кино, музыка, дизайн секілді салалар арқылы білім берудегі жаңашыл ойлау түрленіп, мамандарымыз түрлі инновациялық жобаны іске асырып жатыр.

Дана
САДЫРҚАН

Инновациялық тәсілдер мен идеялар ел экономикасын жандандыруға ықпал етеді

Креативті индустрия – өнер, мәдениет, және шығармашылық бағыттардың экономикалық құндылықтармен түйіскен тұсы. Индустрия деп отырғанымыз, кино, музыка, театр, әдебиет, сән, дизайн секілді бірнеше саланы қамтиды. Бұлар тек шығармашылық өнімдер емес, инновациялық тәсілдер мен идеялардың ел экономикасын жандандыруға әсер етеді.

2024 жылы Қазақстан «креативті тауарлар мен қызметтер» көрсеткіші бойынша 93-орыннан 65-орынға дейін жоғарылағаны белгілі. Бұл көрсеткіш – Қазақстандағы креативті индустрияны дамыту бағытындағы жүйелі жұмыстың нәтижесі. 2021 жылы халыққа Жолдауында Мемлекет басшысы креативті индустрияны қолдау қорын құру жөнінде тапсырма берген еді. Заңнамаға сәйкес, креативті индустрияларды дамыту қоры – бұл саланы дамытуға жәрдемдесетін заңды тұлға.

Еліміздің түкпір-түкпірінде креативті орталықтар бар. Деректерге сүйенсек, республика бойынша 12 креативті хаб жұмыс істеп тұр. Алайда, Ақмола, Алматы, Жетісу және Ұлытау облыстарында бұл жұмыстар толық аяқталмаған. Статистикаға сәйкес, 2017 жылдан бастап креативті экономика номиналды түрде 3,2 есе өсті. Әйтсе де, оның жалпы ішкі өнімге қосқан үлесі әлі шамамен, 1 пайыз, бұл – төмен көрсеткіш. Бұл көрсеткішпен Қазақстан дамыған елдердің көпшілігінен артта қалып отыр, бұл сектордың одан әрі өсуі үшін елеулі әлеуеті бар екенін көрсетеді. Ал 2023 жылы креативті қызметтердің экспорты 250 миллиард доллардан асты. Осыған байланысты Премьер-министр 2026–2030 жылдарға арналған креативті индустрияны дамыту тұжырымдамасын әзірлеу жөнінде тапсырма берді.

2021 жылы ҚР Үкіметі креативті индустрияны дамытуға арналған «Creative Kazakhstan» бағдарламасын іске қосты. Алматыда креативті индустрия орталығы құрылса, 2022 жылы «Креативті индустрияны дамыту тұжырымдамасы» қабылданды. Қазақстандағы Astana Hub технопаркi IT-стартаптарға қаржылай және білім беру бағдарында қолдау көрсетіп келеді. Сөйтіп, жасанды интеллект, анимация және ойын жасау салалары күн сайын дамып жатыр.

30 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған

Былтыр креативті индустриялар саласында 41,8 мың бизнес субъектісі жұмыс істеді, оның 12,3 мыңы – заңды тұлғалар және 29,5 мыңы – жеке кәсіпкерлер. Соңғы жеті жылда субъектілер саны 2,7 есеге ұлғайды. Жұмыспен қамтылғандар саны 2019 жылдағы 106,7 мың адамнан 2024 жылдың ортасына қарай 141,5 мың адамға дейін өсті. Креативті индустрия субъектілерінің саны бойынша көшбасшылар – Астана мен Алматы қалалары,



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСУЛЫ.

оларға саладағы барлық заңды тұлғалардың 67%-ы тиесілі.

Осы орайда «Креативті индустрия Қазақстан экономикасына қандай серпін береді?» деген сауал туындайды. Креативті индустриядағы шағын және орта бизнестің үлесі 2025 жылдың соңына қарай 1,5 есеге ұлғаюы тиіс. Қазіргі көрсеткіш те жаман емес. Бұдан бөлек, креативті технологияларды дамыту есебінен 30 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құру жоспарланып отыр. Ал креативті индустриялар өнімдерінің экспорты 200 млн. долларға дейін өспек.

Мегаполисте тікелей инвестициялар қоры іске қосылды

Бүгінде Алматы қаласы тек қаржы мен мәдениеттің ғана емес, креативті индустриялардың да аймақтық орталығына айналды. Қаланың заманауи келбеті мен шығармашылық әлеуеті жаңа экономикалық бағыттың дамуына негіз болды.

New Vision Forum 2025 аясында Қазақстанда құрылатын креативті индустрия қорының капиталы 40 миллион доллар болатыны белгілі болды. Қор кино, дизайн, цифрлық контент және ойын ин-

дустриясы сияқты салалардағы жобаларды қаржыландырып, шығармашылық бизнесті қолдауға бағытталады.

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды бұл бастама қаланың экономикасын әртараптандыруға және Алматының өңірлік қаржы мен инновация орталығы ретіндегі мәртебесін нығайтуға ықпал ететінін атап өтті. «Алматы туризм мен креативті индустрияның аймақтық орталығына айналып келеді. Жыл сайын қосымша 1 миллион турист тартуға мүмкіндік беретін жаңа жобалар іске қосылады», – деді Дархан Сатыбалды.

Жуырда Алматыда New Vision Forum 2025 халықаралық форумы аясында креативті экономиканы дамыту мақсатында қалалық тікелей инвестициялар қоры іске қосылды. Тікелей инвестициялар қорының құрылуы туралы келісімге Almaty Creative креативті индустрияларды дамыту орталығы, Freedom Holding Corp және VPE Capital Fund Management Limited қол қойды.

Creative Capital Fund қорының мақсаты – ерекшеліктерді ескере отырып, креативті индустриялар саласында кәсіпкерлікті дамыту және Алматыда шоғырланған шығармашылық экономика субъектілерін қолдау.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұловтың айтуынша, қордың инвестициялары экспорттық әлеуеті жоғары бағыттарға – кино өндірісіне (оның ішінде бейне және анимация), музыка индустриясына, IT және gamedev, архитектура, дизайн және цифрлық медиа салаларына бағытталмақ. Қордың бастапқы капиталы – 21 млрд. теңге. 10 млрд. теңге – жергілікті бюджеттен, ал 11 млрд. теңге – жеке және шетелдік инвесторлар есебінен қаржыландырылмақ. Қордың қызмет ету мерзімі 10 жыл, яғни 5 жылдығы инвестициялық, қалған 5 жылдығы – постинвестициялық кезең.

Шаһардағы креативті секторда 20 мыңға жуық кәсіпорын бар

Мегаполисте медиа және кино өндірісі, дизайн мен сән индустриясы, ақпараттық технологиялар, жарнама мен маркетинг, мәдени туризм бағыттары қарқынды дамып келеді. Мәселен, Қазақстандағы киноөнімнің басым бөлігі Алматыда түсіріледі. «MOST», «SmArt. Point», «Almaty Creative Hub» сияқты креативті кеңістіктер жастардың кәсіпкерлік және шығармашылық бастамаларын қолдайды. «Go Viral», «Almaty Film Festival» фестивальдері қаланың мәдени брендіне

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мәдина
КЕРЕЙБАЕВА,
«Әл-Даму»
орталығының
жетекшісі:



Заманауи технологияны оқу процесіне енгіземіз

«Әл-Дамудың» негізгі бағыты – жақсы білім беріп, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Орталықта бастауышқа дайындық топтарынан бөлек ағылшын, математика пәндерінен дайындары да қамтылған. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда орталықты креативті индустрияның бір бөлігі деп толық есептеуге болады. Бірақ Алматыда шығармашылық қабілетті дамыту үшін жасалған жағдай толық жеткілікті деп айту қиын. Бұған қарамастан әрі қарай дамуға және әр шәкіртке сапалы білім беріп, саналы ұрпақ тәрбиелеу жолында жоспар құрамыз. Мысалы, креативті индустрияның қарқынды дамып жатқанын ескере отырып, заманауи технологияларды (AR/VR, AI, онлайн-білім, т.б.) оқу процесіне енгізбекпіз.


айналып отыр. Бұған қоса, Almaty Business Hub, Tech Garden, Astana Hub-тың өңірлік өкілдік экожүйелері жастардың стартаптарын, медиа және контент өндірісін дамытуға мүмкіндік беріп отыр.

Алматыдағы креативті секторда 20 мыңға жуық кәсіпорын жұмыс істейді. Биыл бұл көрсеткішті 31,4 мыңға дейін арттыру жоспарланған. Бұл дегеніміз аталған салада 44,9 мың адам жұмыс істейді деген сөз.


Алматы – музыка шығармашылығы бағыты бойынша ЮНЕСКО-ның креативті қалалар желісіне кіретін Орталық Азиядағы жалғыз қала. Өйткені, қалада креативті индустрия саласындағы алғашқы табысты инфрақұрылымдық жоба – Alatau Creativ Hub жұмыс істейді. Хабта коворкинг-кеңістік, балаларға арналған 25 тегін шығармашылық үйірме, шеберлік сыныптарына арналған алаң, медиатека, ArtBi білім беру-көрме орталығы бар. Мұндай орталықтар қаланың барлық аудандарында құрылып жатыр.

Айта кету керек, креативті индустрия саласындағы бизнес субъектілері бюджетке қомақты үлес қосып жатыр. 2021 жылы бұл көрсеткіш, 5,4 млрд. теңге болған. Бұл 2020 жылмен салыстырғанда, 5% өсім көрсеткен еді. Демек, Алматыда креативті экономиканы дамыту үшін қажетті ресурстар бар. Және қаржылық қолдаудан да кенде емес, Almaty Finance және «Алматы МҚО» желісі бойынша креативті кәсіпкерлерді қолдауға 630 млн. теңгеге дейін қаржы бөлу жоспарланған-ды.

ТҮЙІН: Шығармашылық индустриялардың дамуы тек экономикалық салаға ғана емес, мемлекеттің мәдени, әлеуметтік және психологиялық аспектілеріне де, қоғамдық көзқарас пен әлеуметтік нормаларды қалыптастыруға да зор ықпал етеді. Мәселен, гендерлік теңдік, этникалық әртүрлілік немесе климаттық өзгерістер ұйқыдағы қоғамды ойландыруы мүмкін. Креативті индустриялар арқылы бір халықтың мәдениеті мен дәстүрлері әлемге танылады, әрине, бұл өз кезегінде жаһандануға мүмкіндік ашады. Жапондық анимация (аниме) бүкіл әлемде танымал. Сол секілді, қазақтың ұлттық музыкалық шығармашылығы немесе кино-туындылары әлемдік сахнада ойып тұрып орын ала алады. Ал Алматының креативті индустриясы – экономиканың жаңа драйвері ғана емес, сонымен қатар жастардың өзін-өзі дамытатын әрі шығармашылық пен технологиялар тоғысқан алаң.



(Дереккөз: Ұлттық статистика бюросы).



ТҰЛҒАЛАР ҮНДЕСТІГІ

Нұрғиса Тілендиевтің мемориалды музейінде Мұқағали Мақатаев жәдігерлерінен көрме ашылды

Мегполистері Нұрғиса Тілендиевтің мемориалды музейінде қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Нұрғиса Тілендиев пен Мұқағали Мақатаев: рухани мұра» атты көрме ашылды.



Нұржамал ӘЛІШ

Мерейтой қарсаңында қайта жаңғыртылған Н.Тілендиевтің мемориалды музейіне арнайы қонақ ретінде ақынның ұлы Жұлдыз Мақатаев және бірқатар ақын-жазушылар келді. Көрменің ашылуында композитордың М.Мақатаевтың сөздеріне жазылған әндері шырқалып, өлеңдері оқылды.

– Мұқағали Мақатаев пен Нұрғиса Тілендиевті қазақ өнерінде шығармашылық үндестік тоғыстырды. Ақынның терең сырлы жырларына Нұрғиса Тілендиев әуен жазып, халық сүйіп тыңдайтын көптеген ән дүниеге келді. Осылайша екі ұлы тұлға бір-бірінің өнерін толықтырып, қазақ руханиятына өлмес мұра қалдырды. Көрмеде Алматы облысы, Қарасаз ауылындағы Мұқағали Мақатаевтың әдеби-мемориалдық музейінен арнайы әкелінген ақынның күнделікті пайдаланған жеке заттары, қолжазбалары мен фотосуреттері ұсынылды, – дейді Н.Тілендиев мемориалды музейінің жетекшісі Ақжан Оралбайқызы.

Ақынның көрмеге қойылған қаламы, ойнаған шахмат тақтасы, тіпті балық аулаған қармағы да келушілерге «айтары» бардай, өз дәуірінен сыр шертіп тұр.

«АЛТЫН ҚАЛАМЫ». Бұл қалам – «Breviluv Urvan Sachs» өнімі. Пластмассадан жасалған, ақ түсті. Қаламның жоғары бөлігі алтын түстес металмен көмкерілген. Сондықтан «Алтын қалам» деп аталған. Оны Ғабит Мүсірепов ақынға «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы үшін сыйға тартқан екен. Ол жайында ақын өз күнделігінде: «1972 жыл. 17 наурыз. Өткен аптада Ғ.Мүсіреповтің үйіне бардым. Қарттың қартандығы білінбейді. Екеуіміз әдебиет жайлы әңгімелесіп, пікірлестік. Мен көп өлең оқыдым, «Аққулар ұйықтағанда» поэмамды да оқып бердім.

Кетерде ол маған қалам сыйлады. Жәй қалам емес, «Алтын қалам», – деп жазғаны бар. Оны 1991 жылы ақынның отбасынан музей қорына берген.

КИИМІ. Мұқағали Мақатаев 1970 жылы Жазушылар одағына мүше болып қабылданған. Сол кезде Жазушылар одағында қызмет істеп жүргенде киген костюм-шалбары. Драб матадан тігілген. Екі түймелі. Ақын өмірінің соңына дейін киген. Бұл киіммен ірі денелі, сымбатты ақын көз алдымызға елестейді. Костюм-шалбарды музейге ақынның отбасы сыйға тартқан.

ШАХМАТЫ. М.Мақатаев өлең жазып қана қоймай, шахмат ойнағанды да жақсы көрген. Көрмеде жұрт наразына ұсынылған бұл шахмат тақтасын ақынның өзі қолданған. 1958 жылы пластмасса зауытында жасалған. Ұзындығы – 24 см, ені – 21 см. 1991 жылы ақынның отбасы М.Мақатаевтың әдеби-мемориалды музейіне сыйға тартқан.

КАРМАҒЫ. М.Мақатаевтың әдеби-мемориалды музейінің құнды жәдігерлерінің бірі – қармақ. Ақын өлең жазумен бірге, шахматты, бильярдты жақсы ойнаған, аңға шыққанды, балық аулағанды өте жақсы көрген екен. Қармақ 1973 жылы Киев қаласындағы «Сокол» зауытынан шыққан. 1974 жылы сатып алынған бұл қармақпен ақын еңбек демалысында туған ауылы Қарасазға келіп, Қарасу өзенінің бойынан балық аулаған. Ақын бір сөзінде «шахмат, бильярд, балық аулау – мидың гимнастикасы» дегені бар.

ҚОЛЖАЗБАСЫ. Бұл дәптерде 1974 жылы ақынның жүрегінен туған өлеңдері ой-толғаулары сақталған. Әрбір әріп, әрбір жол – шабыт пен сағынышқа, туған жерге деген махаббатқа толы. Ұлы Жұлдыз Мақатаевтың естелігіне жүгінсек: «Әкем қолжазбаларын ерекше ұқыптылықпен сақтайтын, әр сөзіне мән беріп, жүрегінің сүзгісінен өткізетін еді». Қолжазбаны музейге отбасы 1991 жылы сыйға тартқан.

«ЕРКІН ЕЛДІҢ ҰЛ-ҚЫЗДАРЫ, ЖАРҚЫРАҒАН ЖҮЛДЫЗДАРЫ»

Алматыдағы №59 бөбекжай-балабақша бүлдіршіндері ұлық мерекеге арналған тағылымды кеш өткізді

Еліміздің ең ұлық мерекесі Республика күнін Алматы қаласындағы барлық мектепке дейінгі мекеме бүлдіршіндері зор қуанышпен атап өтуде. Ата-бабамыздың арманы болған еркіндік бізге қандай қымбат болса, сол еркін елде өмірге келген кішкентай бүлдіршіндер үшін тіпті қас-терлі де қасиетті.

Рая ЕСКЕНДІР

Түркісіб ауданында орналасқан №59 бөбекжай-балабақша бүлдіршіндері осынау ұлық мерекені «Еркін елдің ұл-қыздары, жарқыраған жұлдыздары» атты іс-шараме атап өтті. Оған аталмыш мекеменің барлық топтары мен мекеме қызметкерлері қатысты.

Мерекелік іс-шараны ұйымдастырушылар балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, олардың бойында ел тарихына деген құрметті, мемлекеттік рәміздерге деген мақтаныш сезімді қалыптастыруға маңыз беріп отыр. Содан да болар, мерекелік бағдарлама барысында бүлдіршіндер патриоттық өлеңдер оқып, ән шырқады. Кезі келгенде көңілді биді де биледі. Әсіресе, «Менің Отаным – Қазақстан», «Туған жер» сияқты тақырыптарда айтылған өлеңдер мен көріністер көрермен-



дердің көңілінен шықты. Балабақша тәрбиешілері мен ата-аналар да бұл іс-шараға белсене қатысып, балалардың шығармашылық қабілеттерін қолдап отырды.

Іс-шара соңында белсенділік танытқан барша бүлдіршіндерге Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды. Осындай мерекелік іс-шаралар арқылы кішкентай бүлдіршіндердің бойында туған жерге де-

ген сүйіспеншілік пен патриоттық рухтың қалыптасатыны сөзсіз. Мереке барысында №59 бөбекжай-балабақша меңгерушісі Ақмарал Серікқызы ұжым мемлекеттік тілде, ұлттық рухта білім мен тәрбие беретінін тілге тиек етті.

«Балабақшамыз бүгінгі заман талабына сай. Яғни бүлдіршіндердің еркін өсіп жетуіне толық жағдай жасалған. Мұнда

бүлдіршіндер шахмат пен робототехника үйірмелеріне қатысады. Салауатты өмірге баулитын тұзды шахтамыз да бар. Қазіргі балалардың талғамы мүлдем бөлек, оларды ештеңемен таңқалдыра алмайсыз. Дәстүрлі құралдар мен ойыншықтарға көздері үйреніп кеткен. Сондықтан біз осындай тәрбиелік мәні зор кештерді көбірек өткізге тырысамыз, – деді Ақмарал Серікқызы.

ФЕСТИВАЛЬ

GIRO D'ALMATY – 2025

Алматыда велоспорт мерекесі өтті

Демалыс күндері Алматыда дәстүрлі Giro d'Almaty – 2025 шосселік веложарысы өтті. Жарысқа 200-ден астам әуесқой мен ардагер спортшылар қатысып, өз шеберліктерін сынға салды. Іс-шараны Алматы қаласы Жаттықтырушылар қауымдастығы ұйымдастырды.

Ернұр РЫСБАЙ

Федерация президенті Бахтияр Ма-мировтың айтуынша, жарысқа алматылықтармен қатар Астана, Көкшетау және

еліміздің өзге де қалаларынан спортшылар қатысқан.

– Биылғы жарыс спорт пен табиғатты біріктірген ерекше саяхат болды. Әр қатысушы адреналин мен шабытқа толы сәттерді сезінді, – деді ол.

Жарыс екі кезеңнен тұрды. Алғашқы

күні, сенбіде қатысушылар Медеу ауданындағы Ядролық физика институтынан бастап, «Медеу» мұз айдынына дейінгі 63 шақырымдық (ерлер үшін) және 35 шақырымдық (әйелдер үшін) қашықтықты бағындырды.

Жексенбідегі екінші кезеңде спортшылар Royal Tulip Almaty қонақүйінен бастап, қайтадан «Медеуге» дейінгі тоғыз шақырымдық таулы бағытта жарысты. Екі күннің қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталды. Жарысқа 18 жастан асқан спортшылар қатысты.

Нәтижесінде алматылық Анастасия Волчанская мен Евгений Сладков абсолютті санатта чемпион атағын жеңіп алды.

– Мен екі жылдан бері Sundaybike әуесқой велокомандасында жаттығамын. Жарыста ең бастысы – күшті дұрыс жұмсау. Алғашқы кезеңде асықпай, біртіндеп қарқын қосу қажет. Әр қатысуда өз нәтижемізді жақсартуға тырысамын, – деді Анастасия Евтушенко.

«Спорт – жас талғамайды» дейді тағы бір жұлдегер, халықаралық дәрежедегі спорт шебері – 67 жастағы Алексей Аб-раменко.

– Жас – спортқа кедергі емес. Барлығын салауатты өмір салтын ұстануға шақырамын. Қозғалыс – бұл өмір, – деді спорт майталманы.

Алматының әсем аумағында өткен Giro d'Almaty – 2025 веложарысы сәтті түрде қорытындыланды. Әр өңірдің спортшылары Алматының велоспортын дамытудағы мүмкіндіктері мен жетістіктеріне жоғары баға берді.



Дінзұхра НҮРҒИСАҚЫЗЫ:

ӘКЕМ – ҰЛТЫНЫҢ ҰЛЫ БОЛҒАН ЖАН

Биыл еліміз қазақ халқының ұлы композиторы, дирижер, күйші, Қазақстанның халық қаһарманы Нұрғиса Атабайұлы Тілендиевтің туғанына 100 жыл толған мерейтойын атап өтуде.

Рая ЕСКЕНДІР

Осы айтулы датаға орай еліміздің түкпір-түкпірінде ұлт руханиятын ұлықтаған түрлі мәдени іс-шаралар мен шығармашылық кездесулер жалғасып жатыр. Сол игі істердің бірі – Нұрғиса Тілендиев білім алған алтын ұя – атақты №12 мектепте арнайы музыка кабинеті ашылды.

Ұлы тұлғаның өнер жолын, шығармашылық мұрасын жас ұрпаққа кеңінен таныстыру, олардың бойында ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін қалыптастыру мақсатында ашылып отырған кешке дәулескер күйшінің ұрпағы Дінзұхра Тілендиева қатысты. Жаңа музыка кабинеті заманауи техникалық құралдармен жабдықталып, қабырғаларына Нұрғиса Тілендиевтің өмірі мен шығармашылығын бейнелейтін суреттер, дәйексөздер мен кітаптар қойылған.

Айтулы мектепте Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған музыка кабинетінің ашылуы – бұл ұлт руханиятын дәріптейтін, жас ұрпаққа өнеге болатын аса маңызды мәдени оқиғаға айналып отыр. Бұл бастама арқылы ұлы композитордың шығармашылық мұрасы жаңғырып, келер буынның жүрегіне ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік одан әрі нығая түсері анық. Кеш барысында мектеп оқушылары саңлақ сазгердің танымал шығармаларын орындап, әндерін асқақтата шырқады. Халқының баға жетпес байлығына айналған «Ата толғауы», «Махамбет», «Өз елім», «Аққу» сынды мәңгі мұраға айналған туындылар ұлы тұлғаның рухына тағзым ретінде ерекше сезім сыйлады.

Іс-шара барысында сөз сөйлеген ұжым басшысы Лариса Жетпісбаева мектептің ғана емес, халқымыздың мақтанышына айналған тұлғаның адами болмысы мен өлмес өнерін тілге тиек етті.

– Нұрғиса Тілендиев – қазақ руханиятының шамшырағы. Оның әрбір күйі, әрбір әуені – халқымыздың болмысын, жүрек үнін жеткізетін мәңгілік мұра. Бүгінгі ашылып отырған музыка кабинеті жас таланттардың шығармашылық ізденісіне жол ашып, ұлттық өнерді терең сүюге тәрбиелейді, – деді.



Осынау ұжымды ұзақ жыл басқарып келген еңбек ардагері, «Құрмет» орденінің иегері Рахима Бөлекбайқызы Нұрғиса мен Дарига тек мектептің түлектері ғана емес, үлгілі ата-ана болғаны жайында әңгімелеп, тебірене сөйледі.

Мектеп оқушыларының «Аяла» тобы композитордың «Құстар әні» мен «Саржайлауды» білгімен безбендесе, «Тұмарлан» тобы «Туған ел» әнін, «Назқоңыр» домбырашылар ансамблі «Құттықтаймын мама, туған күніңмен!» әнін әуелетті. Әке табанының ізі қалған, қабырғасында үні қалған мектепті аралап, көңілі марқайған Дінзұхра Тілендиева мектеп ұжымына ақжарма алғысын арнады.

– Биыл тек біздің отбасымыз ғана емес, бүкіл ел болып әкеміздің 100 жылдығын атап өтіп жатыр. Әкеміздің шығармалары шет мемлекеттердің, мәселен, Париж, Қытай, Түркия, Мәскеу сахналарында орындалды. Әлем жылы қабылдап, қошемет көрсетіп жатыр. Мен үшін осындай тұлғаның ұрпағы болу зор бақыт. Өйткені, менің әкем ұлтының ұлы болған жан.

Шыны керек, кеш бойы өзімді әзер ұстап отырдым. Тіпті, көз жасыма ие бола алмай да қалдым. Неге десеңіздер, осынау әрбір шығарманың дүниеге калай келгенін өз көзіммен көріп, тыңдап өстім, – деген Дінзұхра Нұрғисақызы оқушылармен бірге «Көш керуен» күйінің ырғағында естелік суретке түсіп, қимастықпен қоштасты.



ЕГЕМЕНДІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ – 35

ОНОМАСТИКА ҒЫЛЫМЫ:

жетістіктер сараланды

Алматыда ономастика саласына арналған республикалық конференция өтті.

Досбол
АТАЖАН

Іс-шара Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бастама-сымен және Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен ұйымдас-тырылды. Конференция Қазақстан Рес-публикасы Егемендік декларациясының 35 жылдығына орай «Мәдени-репре-зентативті және жарнама мәтіндерінің ішкорпустарын әзірлеу» жобасы аясын-да болды.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ономастика бөлімінің меңгерушісі Дана Пашанның айтуынша, конференцияның мақсаты – егемендік жылдарында ономастика ғы-лымының жетістіктерін саралау, ұлттық тіл корпусы құрамындағы ономастика-лық ішкорпустың мәтіндік және оним-дер базасын көпшілік назарына таныс-тыру, сонымен қатар ономастика ғылымының қоғамдағы әлеуметтік ма-ңызы мен тарихи атауларды қалпына келтірудегі рөлін көрсету.

– Ономастикалық ішкорпус – бұл қазақ тіліндегі барша атаулардың цифр-лық базасы. Онда 3 мың оним және 15 миллиондық мәтіндік база бар. Мұны білім жүйесінде және туризмде пайда-лануға болады. Себебі, еліміздегі жер-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

су атауының қайдан шыққандығы тура-лы ақпарат бар. Елімізде қайталанатын атауларды да көруге болады. База алда-ғы уақытта толықтырыла береді, – деді ол.

Конференцияда ономастика ғылы-мының даму бағыттары мен оның әлеу-меттік мәселелерге жауап беруі талқы-ланды. Сондай-ақ, «Ономастикалық ішкорпустың жасалу тәжірибесі» және «Қазақстанның антропонимдік жүйесі» атты екі кітаптың тұсаукесері болды. Іс-шараға еліміздің жетекші ғалымдары, қоғам қайраткерлері мен студенттер қатысты. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институтының ономастика бөлімінің бас қызметкері Қыздархан Рысберген бұл ғылыми бағыттың маңы-зына тоқталды.

– Тіл білімінің дәстүрлі, яғни құры-лымдық бағыты бар. Ол тілдің қаңқа-сын, тәнін зерттейді. Ал кейінгі когни-тивті бағыт – тілдің жанын зерттейді. Бұл дегеніміз, халықтың жанын зерттеу. Мысалы, жер-су атаулары бір қараған-да түсінікті көрінеді. Бірақ оның артында жасырын білім жатыр. Дәстүрлі мәде-ниетіміздегі жабық кодқа салынған мә-дени ақпарат. Ономастика соның шиф-рын ашады, – деді профессор.

Алматыдағы №20 мектепке
жаңа корпус қажет

Түркісіб ауданындағы №20 жалпы білім бе-ретін мектеп жаңа корпус салуға мұқтаж. Бұған соңғы жылдары мектептегі оқушы санының күрт артуы себеп болып отыр.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Екі қабатты ескі мектеп 1953 жылы салынған. 720 оқушыға арналған білім ошағында қазір 1250 бала білім алып жатыр. Айналасындағы тұрғын үй кешен-дерінің көбеюі, аумақтағы тұрғындар санының артуынан іргелес мектептерге де жүктеме еселеп арта түскен. Мек-теп директоры Гүлнар Жолдыбайқызының айтуынша, оқушылар саны жыл сайын 30–35% -ға көбейіп келеді.

«Кейінгі екі жылда оқушылар саны 450 балаға артып отыр. 20–25 балаға арналған сыныптарда 30–35 бала оқиды. Кейде балаларды уақытша қосымша бөлмелерде, шағын орындарда отырғызуға мәжбүрміз. Бір бөлмеге 10–12 оқушыдан орналастырамыз. Бұл шамамен, бір сыныптың жартысы. Мәселе тек сынып жетіспеушілігімен шектелмейді. Мектепке қосымша білім беру кабинеттері мен заманауи құрал-жабдықтар қажет», – дейді мектеп директоры.

Бұл аумақта «ПК Қонаев», «Бута Легас», «Парасат», «Тамарикс», «Тайм Сити» тұрғын үй кешендері бар, сон-дай-ақ, жаңа үйлердің салынуы мектеп жасындағы бала-лар санының көбеюіне ықпал етуде. Осы мәселені шешу мақсатында Алматы қаласының Білім және Құрылыс басқармалары бірігіп, №20 мектеп аумағында 1500 оқу-шыға арналған жаңа корпус салу жобасын әзірлеген. Мектеп құрылысы үшін Жер қатынастары басқармасы 51 меншік иесінен 41 жер учаскесін сатып алу жұмыста-рын жүргізіп жатыр. Бұл іс-шара Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 6 қазандағы №4/675- 1248 қаулысына сәй-кес атқарылуда.

№20 мектеп оқушыларының ата-аналары жаңа оқу ғимаратын салуды қолдайды. «Осы ауданның тұрғыны ретінде мектепті кеңейтіп, оқу кабинеттерін көбейту қа-жеттігіне күмәнім жоқ. Әрине, бұл іс ең алдымен балала-рымыздың игілігі үшін жасалып жатқаны анық. Дегенмен, тұрғындар мектепке жақын бұрынғы өндірістік нысандар-дың орнына салуды ұсынып отыр. Мұндай болғанда тұрғындардың жер телімін алудың қажеттілігі болмайтын еді», – дейді аудан тұрғыны Виталий Стихин.

Бұған қоса, ата-аналар билік пен тұрғындар арасында мәселені бірге талқылап, тиімді ортақ шешім қарастырған жөн деп санайды. Балалардың жарқын болашағы да, аумақтағы тұрғындардың меншік құқығы да бірге қорғал-са деген өтініштерін жеткізді.

КЕЗДЕСУ

ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ ТЫҢДАЛДЫ

Алматыда мемлекет мұқтажына алынатын жер телімдерінің меншік ие-лері мен өкілетті орган өкіл-дері кездесті.

№20 мектепте өткен кездесу-ге қалалық Білім басқармасы-ның, Жер қатынастары басқар-масының, Сәулет және қала құрылысы басқармасының, Түркісіб ауданы әкімдігінің өкіл-дері және Алматы қаласы мәс-лихатының денсаулық сақтау, білім және жұмыспен қамту мә-селелері жөніндегі тұрақты ко-миссияның мүшелері қатысты.

Жиын кезінде тұрғындар 41 жер телімі қандай мақсатта алы-натынын және бұл жұмыстар қанша уақытқа созылатынын сұрады. Оған Жер қатынастары басқармасының өкілі Темірлан Мұханов жауап берді.

– Алматы әкімдігінің қаулы-сына сәйкес, 41 жер телімдері мемлекет мұқтажына алынады. Басқарма бүгінге дейін меншік иелеріне тиісті хабарлама жі-берді. Енді жер иелері құжатта-рын ұсыну керек. Ол тәуелсіз мүлік бағалаушыларға жібері-леді. Мүлік бағалайтын маман-дар жер телімдері мен ондағы нысандарды нарықтық бағамен есептейді. Одан кейін белгілен-ген баға тұрғындарға ұсыныла-ды. Мүлік иесі тарапынан келісім болған жағдайда сатып алу шарту жасалады, – деді ол.

Алматы қаласы білім басқар-масы басшысының орынбасары Мұхтар Тәжібаев бұл жауапты толықтырып өтті.

– Жаңа мектеп құрылысына қалалық білім басқармасы тап-



сырыс берді. Себебі, қолданыс-тағы білім ордасы қазір ескірген, оны қайта жөндеу не сейсмика-лық күшейту пайда әкелмейді. Екіншіден, 2030 жылға дейін Алматы мектептері бір ауысым-ды оқу кестесіне көшуі керек. Білім беру бағдарламасы ке-ңейіп жатыр. Қазір бұл мектепте балалар саны есептелген оқу-шылар санынан екі есе көп. Одан бөлек, жыл сайын балалар саны көбейіп келеді. Сондықтан осы аумақта 1500 орынға жаңа мек-теп салу ұсынылды. Ол үшін бекітілген нормативтер бойын-ша 3 гектар аумақ қажет. Ал №20 мектептің аумағы небәрі 1,01 гектар, – деді Мұхтар Тәжі-баев.

№20 мектептің директоры Гүлнар Сәрсенбаева да оқу ор-дасында екі ауысыммен оқитын

балаларға сынып жетіспейтінін атап өтті. Айтуынша, тәлімгер-лерден бөлек мұғалімдер де күрделі жағдайда жұмыс істеп келеді.

Тұрғындар тарапынан «бұл аумақта тұрғын үй кешені салын-бай ма?» деген алаңдаушылық болды. Алайда, Жер қатынаста-ры басқармасының өкілдері мемлекет мұқтажы үшін алынған жер телімдері ешқашан үшінші тарапқа берілмейтінін және тек нысаналы мақсатта қолданыла-тынын атап өтті.

Жиын барысында жер телімін мәжбүрлі түрде алмай, өзге ау-мақта салу, қолданыстағы мек-тепке жаңа қабаттар қосу сынды ұсыныстар да болды. Өкілетті орган өкілдері тұрғындар өтініші тағы да пысықталатынын айтты.

Дос ОРЫНБЕКУЛЫ.

ТАҒАЙЫНДАУ



ДАНИЯР ӘЛИЕВ –

Мәдениет басқармасының
басшысы

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының өкімімен Мәдениет басқармасының басшысы болып Данияр Әлиев тағайындалды.

Данияр Абзалиденұлы Абай атында-ғы Қазақ ұлттық педагогикалық универ-ситетін «Тарих» мамандығы бойынша және «Алматы» университетін «Құқық-тану» мамандығы бойынша тәмамда-ған. Гуманитарлық ғылымдар магистрі.

Әр жылдары Қазақстан Республика-сының Орталық мемлекеттік архиві мен Алматы қаласының тарих музейінде бөлім меңгерушісі, Алматы қаласы Мә-дениет басқармасы басшысының орын-басары, сондай-ақ ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды.

Бүгінгі тағайындауға дейін Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасын басқарды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



«ДАБЫЛ – АНТИТЕРРОР – 2025»:

Алматыда антитеррорлық оқу-жаттығу өтті

Алматы халықаралық әуе-ажайы аумағында терроризмге қарсы жоспарлы оқу-жаттығу өткізілді. Алматы қалалық жедел штабы ұйымдастырған іс-шара аясында террорлық қауіптің «қызыл деңгейі» жарияланып, арнайы жасақ сарбаздары «содырларды» ұстап, «тұтқындарды» босатты.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жаттығудың басты мақсаты – адамдар көп жиналатын нысандарда болуы мүмкін террорлық әрекеттердің алдын алу, сондай-ақ төтенше жағдай кезінде әрекет ету тетіктерін жетілдіру. Іс-шараға арнайы және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, авиациялық қауіпсіздік қызметі, әуежай әкімшілігі мен қаланың шұғыл әрекет ету бөлімшелері қатысты.

Ұйымдастырушылар оқу-жаттығу барысында әуе рейстері мен автокөлік қозғалысына шектеу қойылмағанын айтты. Барлық іс-шара штаттық режимде өтті. Хабарлама жүйесінің қызметі, жедел әрекет ету шаралары тексерілді. Мемлекеттік органдардың оқиғаның алдын алу, салдарымен күресу және жою кезінде бірігіп әрекет етуіне мән берілді.

Мұндай оқу-жаттығулардың негізгі міндеті – төтенше жағдай кезінде әр қызметтің іс-қимылын нақты үйлестіру және шынайы қауіп төнген жағдайда адам өмірін қорғау. Әсіресе, адамдарды эвакуациялау, қылмыскерлерді ұстау және террористік қатердің салдарын жою бойынша әрекеттер пысықталды.

САФАТ 08.00

Оқу-жаттығу сценарийіне сәйкес, Алматы халықаралық әуежайы аумағында дабыл дауысы естілді. Бұл дыбыс – шартты түрде төтенше жағдайдың басталғанын білдіреді. Сценарий бойынша «жолаушылар ұшағын террористер басып алып, әуе көлігіндегі адамдарды кепілдікке ұстады». Осы сәтте әуежай қызметкерлері арнайы техникамен әуе кемесін қоршап, оның ұшуына тосқауыл қойды. Одан кейін әуежайдың қауіпсіздік қызметі келіп, ұшақты толықтай қоршауға алды.

САФАТ 08.15

Лаңкестік әрекетке қарсы күрес бойынша Алматы қалалық жедел штабы құрылды. Мұнда арнайы қызметтердің басшылығы жиналып, жағдайды бақылауға алып, жедел шешім қабылдауға кірісті.

САФАТ 08.30

Қаланың төтенше жағдай кезіндегі қызметтері – өрт сөндірушілер, медицина және полиция қызметкерлері оқиға орнына жетті. Арнайы жасақ сарбаздары ұшаққа қоршауға алды. Сол уақытта келіссөз жүргізушілер «террористермен» байланыс орнатуға кірісті. Лаңкестер келіссөзге тек қала әкімінің орынбасары немесе әкімнің өзін шығаруды талап етті. Келіссөз жүргізуші тарап сабырлы әрі кәсіби түрде әрекет етіп, ешкімге зиян келтірмей, мәселені бейбіт жолмен шешуді ұсынды.

САФАТ 09.00

«Террористер» келіссөз жүргізушілердің бірін ұшаққа кіргізіп, шамамен бір сағат бойы «кепілде ұстады». Кейін оны босатып, орнына басқа адамды талап етті.

САФАТ 09.30

Әуежай аумағына әскери қызметкерлер келіп, оқу-жаттығу аймағын толық



қоршауға алды. Ғимараттың төбесіне снайперлер орналастырылып, жағдайды жоғарыдан бақылауға алды.

САФАТ 09.45

«Террористер» мен бейбіт келісімге келуге тырысқан тарап арасындағы әңгіме күрделене түсті. Террористер ұшақ ішіндегі бірнеше жолаушыны «жаралап», дәрігерді шақыруды талап етті. Медицина қызметкері ұшаққа кіріп, «жараланғандарға» көмек көрсетіп, бірнеше минуттан кейін қайта шықты.

САФАТ 10.00

«Ұшақты басып алған лаңкестер» дәрекі мінез көрсетіп, одан сайын агрессивті бола түсті. Олар екі зейнеткерді босатты.

Арнайы жасақ сарбаздары оларды қарсы алды. Кепілдіктен босаған әрбір тұтқын мұқият тексерілді. Өйткені, террористер олардың денесіне «жарылғыш зат» бекітуі мүмкін еді. Сарбаздар бейбіт тұрғындардың жан-жағынан қалқан болып, олардың қауіпсіздігін назарда ұстады.

САФАТ 11.00

«Террористермен» келіссөз нәтижесіз аяқталды. Олар өз талаптарының орындалмағанына ашуланып, екі жолаушыны өзгелердің көзінше «өлтірді», қалғандарына «психологиялық қысым көрсетті». Бұл сәт – оқу-жаттығу барысындағы шешуші кезең. Штабтағы арнайы қызмет басшылығы ахуалды жан-жақты бағалады. «Террористердің» әрекеті азаматтар-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Салтанат ӘЗІРБЕК,
Алматы қаласы ПД-нің
ресми өкілі:

Тапсырмалар толық орындалды

Іс-шара аясында қаламыздағы жедел әрекет ету қызметтері мен лаңкестікке қарсы бағытта жұмыс істейтін барлық құқық қорғау органдарының іс-қимылдары толық көлемде тексерілді. Жаттығу барысында терроризм актілерінің алдын алу, ықтимал қауіптердің салдарын жою және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бірлескен іс-әрекеттер пысықталды. Сонымен қатар, лаңкестік әрекеттердің жолын кесу тетіктерін жетілдіруге бағытталған жаңа және тиімді механизмдер тәжірибе жүзінде сыналды. Барлық оқу тапсырмалары толық көлемде орындалды. Әуежай жұмысы әдеттегі режимде жалғасты. Әуе рейстері мен жолаушылар қозғалысына ешқандай кедергі келтірген жоқ. Барлық әуе кемесі штаттық жоспарға сай ұшып-қонды.



дың өміріне «қауіп төндіргендіктен», ұшақты шабуыл арқылы босату жөнінде шешім қабылданды. Арнайы жасақ сарбаздары мен снайперлер жедел түрде «ұрыс позицияларын» нақтылап, операция жоспары бекітілді.

Бұйрық берілген сәттен бастап, әр сарбаз өз міндетін айқын түсініп, азаматтарды аман алып қалуға бағытталған нақты қимыл жоспарына көшті.

САФАТ 12.10

Оқу-жаттығудың шешуші кезеңі басталды.

Штаб басшысы ұшақты шұғыл түрде босатып, «террористерді» залалсыздандыру туралы бұйрық берді. Осы сәттен бастап «арнайы операцияның» негізгі бөлігі басталды.

Ұшақтың сол жағынан екі әскери БТР көлігі жоғары жылдамдықпен келіп, жарық-шулы гранаталар қолданды. Сол уақытта арнайы жасақ сарбаздары ұшақтың алдыңғы және артқы есіктері арқылы бір мезетте ішке енді.

Сарбаздар ұшақтың есік, терезе және қанат тұстарын қоршап, шабуылға кірісті. Бірнеше секунд ішінде «лаңкестерге» қарсы шешуші әрекет жасалып, ұшақ толықтай «террористерден» тазартылды. «Жолаушылар» қауіпсіз жерге эвакуацияланды. Медициналық топ «тұтқындардың» жағдайын тексеріп, алғашқы көмек көрсетті. Операция аяқталған соң полиция қызметкерлері «террористерді» арнайы көлікпен алып кетті.

Оқу жаттығу аясында арнайы және құқық қорғау органдарының сын сағатында жедел әрекет етіп, содырларды ұстауы іс жүзінде көрсетілді. Сондай-ақ, әуежай секілді адам көп шоғырланатын орындарда болуы мүмкін террорлық актілердің сценарийі пысықталды.

«Дабыл–Антитеррор – 2025» оқу жаттығуы қатысушылардың оқиға салдарымен күресуге және оның алдын алуға қауқарлы екенін көрсетті.

«АТ ҮСТІНДЕГІ БАЛЕТ»

Алматыда атпен мәнерлеп жүруден Қазақстан чемпионаты өтті

17–19 қазан аралығында Алматы облысында орналасқан «Almaty Horse & Polo Club» базасында атпен мәнерлеп жүруден Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Үш күнге созылған жарыс әртүрлі жас ерекшеліктеріне орай бірнеше санат бойынша ұйымдастырылды. Чемпионат бағдарламасына Халықаралық ат спорты федерациясының (FEI) сынақтары енгізілді. Еліміздің ең үздік шабандоздары спортсүйер қауымға ат үстіндегі шеберлігін паш етіп, сұлулық пен тәртіптің үйлесімін көрсетті.

Ат үстінде орындалатын ең нәзік спорт шабандоздың үлкен еңбегі мен шыдамдылығын талап етеді. Мұнда атпен жүрген кездегі тепе-теңдік, қозғалыс дәлдігі және тізгінді меңгеру шеберлігі бағаланады. Сондықтан бұл спорт түрі көбіне «ат үстіндегі балет» деп аталады.

Ежелгі Грекияда әскери дайындық ретінде пайда болған атпен мәнерлеп жүру бүгінгі таңда Олимпиада ойындары мен әлем чемпионаттарының ресми

бағдарламасына енген. Жарыстарды ұйымдастыру және бағалау FEI – Халықаралық ат спорты федерациясының ережелері негізінде жүргізіледі.

Мәнерлеп жүру жарысында әр қатысушы алдын ала белгіленген бағдарлама бойынша түрлі қозғалыстарды орындайды. Жарыс барысында жүріс, жорға, шабыс секілді негізгі қозғалыстардан бөлек, айналу, артқа жүру және күрделі фигуралар жасау элементтері көрсетіледі. Мұның барлығы әдемі қимылмен орындалуы тиіс. Қазылар алқасы әрбір элементті нақты талаптар бойынша бағалайды.

Негізгі талаптар – қозғалыстың дәлдігі, шабандоздың ат үстіндегі отырысы мен басқару шеберлігі, аттың еркін және сабырлы қимылы. Сонымен қатар, жалпы көркемдік әсер мен жұптың үйлесімі де жоғары баға алуға әсер етеді.

Қазақстан чемпионаты бірнеше деңгейде өтті. Алдымен қарапайым жүрістер мен бұрылыстар көрсетілсе, орта және жоғары деңгейде қозғалыстар қиындай түсті.

Жалпы жүлде қоры – екі миллион теңге. Жарыс қорытындысы бойынша FEI Шақыру кубогы – орта деңгей сына-



ғында жеңімпаздар анықталды. Бірінші орынды Роза Дауренбек Porfiado de JC II атты атымен жеңіп алды. Екінші орынға Алиса Миллер Бастион атты атымен ие болды. Үшінші орын София Старцева мен Сакура атты тұлпарға бұйырды. Ал жасөспірімдер арасындағы командалық жүлде бойынша: бірінші орынды Линара Төлеген Grenada атты атымен, екінші орынды Алика Савикова Cachassini атты атымен, үшінші орынды Рузанна Бахитова Veber атты атымен иеленді. Жеңімпаздар медальдармен, дипломдармен және демеушілердің сыйлықтарымен марапатталды.

Жарысты ұйымдастырушылардың айтуынша, кейінгі жылдары бізде ат спортына, соның ішінде мәнерлеп жүру жарысына деген қызығушылық артып келеді. Еліміздің әр өңірінде ат спорты кешендері ашылып, ұлттық және халықаралық деңгейдегі жарыстар өтті. Осындай чемпионаттар – жас шабандоздарға тәжірибе алмасуға және спорттық жетістіктерге жетуге мүмкіндік беретін маңызды алаң.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Азат ТОЛҚЫМБЕКОВ,
Қазақстан ат спорты федерациясының бас хатшысы:

Мақсат – ұлттық мәнерлеп жүру мектебін дамыту

Чемпионаттың басты бағдары – ұлттық мәнерлеп жүру мектебін дамыту және қазақстандық спортшылардың кәсіби шеберлігін арттыру. Биылғы додаға барлығы 57 жұп қатысты. Олардың қатарында Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Алматы қаласы мен Алматы облыстарынан келген шабандоздар бар. Бағалау он балдық жүйе бойынша жүргізіліп, төрешілер жылқының иесіне бағынуы мен қозғалысына, сондай-ақ шабандоздың отырысы мен дәлдігіне ерекше назар аударды. Әр қозғалыс жеке есептеліп, нәтижелер әділ бағаланды.

Чемпионатқа қатысқан жылқылардың басым

бөлігі неміс тұқымынан, жасы 4 пен 7 жас аралығында болды. Әр жас санатына арналған жеке бағдарлама жасалып, қатысушылар өз шеберлігін түрлі деңгейде сынады. Биыл Федерацияда жаңа басшылық өз жұмысын бастап, ат спортының даму стратегиясын әзірлеуге және елдегі клубтармен серіктестік орнатуға кірісті. Бұл бағыттағы жұмыс ат спорты инфрақұрылымын нығайтуға, жаңа жылқылар сатып алуға және жас спортшыларды даярлауға негізделген.

Қазақстанда ат спортының бай әрі терең тарихы бар. Аты аңызға айналған Абсент тұлпары Сергей Филатовтың басқаруымен Олимпиада чемпионы атанып, спорт тарихында өшпес із қалдырды. Қазақстан чемпионаты ұлттық құраманы жасақтаудың маңызды кезеңі саналады. Үздік нәтиже көрсеткен шабандоздар келесі маусымда ұлттық құрамаға қосылып, халықаралық жарыстарда ел намысын қорғайтын болады. Қазіргі таңда халықаралық деңгейде ат спорты үш бағытта дамып келеді. Олар конкур, атпен мәнерлеп жүру және үшсайыс. Қазақстанда осылардың ішіндегі ең танымалы – конкур, үшсайыс бағыты да кезең-кезеңімен дамып келеді.



Венера АЛТИЕВА,
қатысушы:

Мен үшін ең қиыны – жылқыны басқару болды

Жарысқа ұзақ уақыт бойы тыңғылықты дайындалдық. Жаттығулар барысында өзара түсіністікке, үйлесімділікке көп көңіл бөлдік. Принц есімді фриз тұқымды тұлпармен ел чемпионатына алғаш рет қатыстым. Чемпионаттың барлық талабын дұрыс орындауға күш салдық. Мен үшін ең қиыны – жылқыны басқару болды. Себебі, бұл жолғы жарысқа өз атыммен емес, басқа біреудің атымен қатыстым. Жалпы, фриз тұқымды жылқылардың мінезі ауыр болады. Дегенмен, дайындық кезінде Принцпен өзара түсінісіп, қиындықтарды бірге еңсере білдік. Мінезі өте жуас, айтқанды тыңдап, командаларды сәтті орындады. Атпен мәнерлер жүруде тақымындағы атыңды сезіне алмасаң, оның қимылын түсінбесең, нәтиже болмайды. Осындай жарыстар – біз сияқты әуесқой спортшылар үшін үлкен мүмкіндік.

ФУТБОЛ

ЕЛ ЧЕМПИОНЫ

Алматыда анықталады

Футболдан Қазақстан Премьер-лигасының 25-туры аяқталды. Ел чемпионатының шешуі турының алдында Астана мен Петропавл қалаларында маңызды ойындар өтті. «Қызылжар» өз алаңында алматылық «Қайратты» қабылдаса, елордада «Астана» мен «Ақтөбе» командалары 3 ұпайға таласты.

Досбол АТАЖАН

УЕФА Чемпиондар лигасында өнер көрсетіп жүрген «Қайрат» пен жергілікті «Қызылжар» арасындағы ойын Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындар арасында үлкен қызығушылық тудырды. «Қарасай» стадионы лық толып, орын жетпеген көрермендер ойынды тік тұрып тамашалады. Жанкүйерлерінің қолдауына жігерленген «Қызылжар» қорғаныста бекем болды, сәті түскенде шабуылды да ұмытқан жоқ. Жалпы ойын алматылық футболшыларға жеңіл болмағанымен, Дастан Сәтпаевтың голы «Қайратқа» жеңіс сыйлады.

Сондай-ақ, бұл кездесуде «Қайрат»

қақпашысы Темірлан Анарбеков жарақатынан кейін алғаш рет алаңға оралды. Ал елордада чемпиондыққа үміткер «Астана» мен еурожарыстарға жолдама үшін таласып жатқан «Ақтөбе» арасында тартысты матч өтті. Ойынға 28200 жанкүйер келіп, ҚПЛ тарихы жаңарды – бұл лига тарихындағы ең жоғары көрсеткіш. Жиналған қауымды футболшылар да нәтижелі ойынмен қуантты. Матч 5:3 есебімен «Астананың» пайдасына шешілді. Осылайша «Қайрат» 58 ұпаймен турнирлік кестеде көшбасшы болып қалды. Ал елордалық клуб 56 ұпаймен екінші тұр. Енді ел

чемпионы Алматыда анықталмақ. Қазақстан Премьер-лигасының соңғы, 26-туры аясындағы шешуші кездесу 26 қазан күні Орталық стадионда өтеді.

Айта кеткен жөн, өткен турда ҚПЛ тарихы да тағы бір көрсеткіш бойынша жаңарды. «Ордабасы» «Оқжетпесті» 7:1 есебімен жеңді. «Жетісу» «Тобылға» 1:2 есебімен, «Тұран» «Елімайға» 3:6 есебімен жеңілді. «Атырау» мен «Жеңіс», сондай-ақ «Ұлытау» мен «Қайсар» 1:1 есебімен тең түсті. Осылайша ел біріншілігінің 25-турында 33 гол соғылып, ҚПЛ тарихындағы ең нәтижелі тур атанды.

Еске салайық, УЕФА Чемпиондар лигасының топтық кезеңі аясында «Қайрат» үшінші ойынын бүгін өткізеді. Кипрдің «Пафос» командасына қарсы матч сағат 21.45-те Орталық стадионда болады. Алматылық командаға бұл ойында сәттілік тілейміз!



БАСПАСӨЗ – 2025

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2026 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ұтысқа түседі!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2026 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет!

2025 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp-нөміріне 8 707 766 80 00 немесе alatauaqparat@gmail.com электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

Барлық почта бөлімшелерінде «Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС жазылуға болады.

2026 ЖЫЛҒА БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 10031,52 теңге.
Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін (жазылу индексі 95503) – 7391,52 теңге.

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді.

Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.



ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

«Қазпочта» АҚ «Алматы почтамты» Алматы филиалы 2 0 2 5 жы л ғ ы 23 қазанда Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 134 мекен ж а й ы н д а ғ ы операциялық залда «Жазылушы күнін» өткізеді. Іс-шараның басталуы таңертеңгі сағат 10.00.

Бұл күні 2026 жылға «Алматы ақшамына» жазылу жеңілдіктермен жүргізілетін болады.

2025 жылғы 23 қазан, сағат 14.00-де 2026 жылға мерзімді басылымдарға жазылушылар үшін жүлделер ойнатылатын болады.

Сіздерді күтеміз!

ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтыру газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекітілген иінін кіргізген клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ қрандарын жабу керек
2. Бөлмені желдету керек
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҮНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жеңіл

Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі



- Дәрігер шақыру

Дәрігер келгенге дейін. Жеңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртіні іскетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.


- Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет

0,32% дейін Орташа

Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр

Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)



Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

«Алматы электр станциялары» АҚ «Қоршаған ортаға тигізетін әсерін азайта отырып, Алматы 2-ЖЭО-ын жаңғырту» жобасын іске асыру шеңберінде «Іске қосу-реттеу жұмыстары» бойынша Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің (ҚОҚБ) материалдарын жария талқылау түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылдың 3 қарашасынан бастап 5 жұмыс күні ішінде, <https://ndbecology.gov.kz> Қазақстан Республикасының қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер қорының Қоғамдық тыңдаулар бөлімінде өтеді.

Жобаны әзірлеуші: «Институт «КазНИПИЭнергопром» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 58 А, БСН 910840000078, байланыстағы тұлға: Юлия Нестерова, e-mail: u.nesterova@knerp.kz, 8 701 210 98 00.

Бастамашы: «АлЭС» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ, Достық даңғылы, 7, БСН 060640001713, байланыстағы тұлға: Зоя Арзюкова, e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-04-73.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен Қазақстан Республикасының қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер қорының «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде және Алматы қаласының Экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/press/article/1?activities=38378&lang=ru>, «Қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

КӨҢІЛ АЙТУ

«ALATAU AQPARAT» ЖШС медиахолдингінің ұжымы «Almaty aqshamy» басылымының жауапты хатшысы Серік Жұмабаевқа ардақты анасы

ҰЛБОСЫННЫҢ

өмірден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail: alatauaqparat@gmail.com

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында терініп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Интернеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.


ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.

#заңжәнетәртіп
#законипорядок

ӘРІПТЕС ӘЛЕМИ

МЕДИАХОЛДИНГ КАРИКАТУРАШЫСЫ

Ғалым Смағұлұлы халықаралық байқауда марапат алды



ленді. Ал Фехми Кофтеоглу атындағы жүлдені «Alatau Aqparat» медиахолдингінің карикатурашысы Ғалым Смағұлұлы алды.

– Байқауға екі карикатуралық жолдадым. Жалпы, жарыс екі кезеңге бөлінген. Бірінші әділқазылар алқасы 100 суретті іріктеп алады. Кейін екінші кезеңде өзге топ іріктелген суреттерді жеке бағалайды. Менің Стамбул туралы салған карикатурам финалға өтті, ол біздің газетке де жарияланды. Онда Стамбулды Азия мен Еуропаны байла-

ныстырып тұрған арқан ретінде бейнеледім, – деді Ғалым Смағұлұлы.

Әріптесіміз карикатура өнеріндегі айрықша қолтаңбасымен елімізге кеңінен таныс.

Оның халықаралық байқаудағы жеңісі – біздің ұжымның ғана емес, қазақ өнерінің мақтанышы. Ғалым Смағұлұлына шығармашылық мол шабыт тілейміз!

**Досбол
АТАЖАН**

Байқау Түркия қонақүйшілері қауымдастығының, Стамбул қалалық әкімшілігінің туризм департаментінің және Стамбул конгресс және келушілер бюросының қолдауымен ұйымдастырылған. Ересектер санатында Менди Азизи (Иран) бірінші орын, Өмер Чам (Түркия) екінші орын, Можмир Михатов (Хорватия) үшінші орын ие-

**«NAN FEST–2025»:**

ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Халықаралық нан күніне орай Алматы мемлекеттік бизнес колледжінде қалалық «NAN FEST–2025» кәсіби шеберлік конкурсы өтті.

**Дана
САДЫРҚАН**

Аталмыш іс-шара Алматы қаласы мен Алматы облысының колледж студенттері арасында ұйымдастырылып, Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен жарияланған Жұмысшы мамандықтар жылына арналып өткізілді. Байқаудың мақсаты – жастардың бойында еңбекке деген құрметті қалыптастыру, наубайшы мамандығын танымал ету, жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру және студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

«NAN FEST–2025» конкурсы Алматы қаласының кәсіби білім беру саласы үшін маңызды оқиға болды. Іс-шара тек жас наубайшылардың үздіктерін анықтап қана қоймай, еңбекке, қазақ дәстүріне және шеберлікке деген құрметтің мерекесіне айналды. Техника қауіпсіздігі, жұмыс орнын ұйымдастыру, өнімнің дәмі мен сапасы,

ұшқырлық және кәсіби шеберлік тоғысқан байқауға Алматы қаласы мен Алматы облысының 12 колледжі қатысты.

Байқау қорытындысында 1-орынды (100 000 теңге) – Кристина Лаубер (Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің білім алушысы, жетекшісі – Әйгерім Диханова), 2-орынды (60 000 теңге) – Диана Бронницкая (Туризм және қонақжайлық индустриясы колледжінің студенті, жетекшісі – Гаухар Мельбебекова), 3-орынды (40 000 теңге) – Аделя Қалан (Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті колледжінің студенті, жетекшісі – Жансая Кабет) иеленді.

Осы орайда айта кетейік, колледжге «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубының мүшелері, «Асыл дария» қоғамдық қорының жобасы қатысушыларымен бірге келді. Сондай-ақ, Алатау, Бостандық және Түркісіб аудандарындағы бастауыш сыныптардан 50 оқушыға кәсіби бағдар бойынша экскурсия ұйымдастырылды. Балалар кәсіби бағыттармен, оқу жағдайларымен және шеберханалармен танысты. Аталған іс-шара жұмысшы мамандықтарға деген қызығушылықты қалыптастыру және болашақта саналы кәсіби таңдау жасау үшін маңызды қадам болды.

«ЖАСЫЛ ҚАЛА»

«СОСНОВЫЙ БОР»

саябағында 3000 ағаш егілді

«Сосновый бор» саябағында Эко-клуб пен SDG Alliance ұйымының бастамасымен кең ауқымды экологиялық акция өтті. Іс-шара аясында 3000 түп қарағаш егілді.

**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Бұл бастама көктемнен бері жүзеге асырылып келе жатқан экологиялық жобаның жалғасы. Шоқан Уәлиханов атындағы мектептің оқушылары ағаштарды өздері өсірген – тұқым себуден бастап, жаз бойы күтіп-баптаған. Енді сол жас көшеттер саябақтың жасыл белдеуін толықтырды.

– Соңғы уақытта біз осындай акцияларға оқушыларды жиі тартуға тырысып жүрміз. Бұл жас ұрпақтың бойында туған қалаға деген сүйіспеншілікті, табиғатқа деген құрметті қалыптастыруға көмектеседі. Сондай-ақ, балалар мектеп жасынан бастап қаланың қоғамдық өміріне атсалысудың маңызын түсінеді, – деп атап өтті экобелсенді, Алматы қалалық мәслихатының депутаты Тимур Елеусізов.

Оның айтуынша, бұл акция экологиялық

клуб еріктілері бір жыл бойы жүзеге асырып келе жатқан үлкен жобаның бір бөлігі. Саябақ негізін қалаушылардың пікірінше, болашақта бұл қарағай тоғайы «Алматылық Версаль» атануы әбден мүмкін.

Акция барысында саябақтың периметрі бойына «Алматылық Версаль» деп аталатын жасыл аллея отырғызылды. Бұл көгалдандырумен қатар, экологиялық сана қалыптастыруға бағытталған жүйелі жоба.

Қарағаш – Алматы климатына бейім, қуаңшылыққа төзімді ағаш түрі. Ол ауаны тазартып, шаң-тозаң мен көмірқышқыл газын сіңіреді. Сондықтан дәл осы ағаш түрі болашақта саябақтың «жасыл қорғаны» болмақ.

Іс-шараға Ш.Уәлиханов атындағы мектептің 100-ге жуық оқушысы, ұстаздар мен волонтерлер қатысты. Әр қатысушыға SDG Alliance ұйымы тарапынан тұрақты даму мақсаттарына қосқан жеке үлесін растайтын арнайы сертификат табысталды.

Жобаның басты идеясы – экологиялық мәдениетті қалыптастыру және Алматының жасыл аймағын кеңейту. Айта кетейік, Эко-клуб пен SDG Alliance бірлескен «Сосновый бор» жобасы – Алматы қаласында экологиялық тепе-теңдікті сақтау, жастардың табиғатты қорғау мәдениетін дамыту мақсатында іске асырылған бастама.

